

## Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалуын ұйымдастыру туралы Ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 2 қарашадағы N 207 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 13 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3205. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 442 бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.09.30 № 442 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің заңды күші бар "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Жарлығының 34 бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы аумағында және оның шегінен тыс әуе тасымалдарын және басқа да арнайы авиация жұмыстарын орындайтын, Қазақстан Республикасы азаматтық авиация әуе кемелері экипаж мүшелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбекті қорғау және еңбегі мен демалуын бірқалыпты тәртібін орнату мақсатында,

**БҰЙЫРАМЫН:** Қараныз K070000251

1. Осы беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалуын ұйымдастыру туралы Ереже бекітілсін.

2. 1998 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің Әуе кеңістігін және азаматтық авиация қызметін пайдалану комитетінің N 99-II "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалу уақытын ұйымдастыру туралы Ереже" (Қазақстан Республикасының АА ЖУЕ-98) күші жойылды деп саналсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуының бақылауын Азаматтық авиация комитетінің Ұшу қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау басқармасының бастығы Жолдыбаев А.Б. жүктелсін

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрімен

келісілген

4 қарашада 2004 ж.

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрімен келісілген

2 қарашада 2004 ж.

Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникациялар министрлігі  
Азаматтық авиация комитеті төрағасының  
2004 жылғы 2 қарашадағы  
N 207 "Қазақстан Республикасының  
азаматтық авиациясының әуе кемелері  
экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты  
мен демалуын ұйымдастыру туралы  
Ережені бекіту туралы"  
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының  
әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты  
мен демалуын ұйымдастыру туралы  
ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясының әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалуын ұйымдастыру туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заңды күші бар Жарлығының 34-бабына және "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Халықаралық азаматтық авиация туралы Чикаго конвенциясына 6-қосымшаға сәйкес әзірленді. Қараныз K070000251

2. Осы Ереже азаматтық авиацияның әуе кемелері экипаждарының мүшелері үшін ұшу, қызметтік ұшу уақыты мен демалыс уақытын реттеу тәртібін белгілейді. Ереже ұшу, кабиналық экипаждарға және экипаждардың қосымша мүшелеріне, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан азаматтық авиацияның ұшуларын орындау кезінде әуе кемесіне (бұдан әрі - ӘК) қызмет көрсету жөніндегі міндеттерді орындау үшін тапсырмаға енгізілген инженерлік-техникалық құрамына таралады.

3. Ереже талаптарын қолдану және орындау әуе тасымалдарын және/немесе авиациялық арнайы жұмыстарды орындайтын Қазақстан Республикасының әуе кемелерін пайдаланушылардың барлығына, сондай-ақ экипаж мүшелеріне және әуе кемесінің бортында ұшуды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерге байланысты емес басқа да міндеттерді орындайтын ұшу экипаждарының құрамына кіретін немесе кірмейтін авиаперсоналына таралады.

3-1. Еуропа және Америка Құрама Штаттары елдерінің авиациялық өкіметімен сертифицикатталған түрлері азаматтық авиация әуе кемелерін пайдаланушылардың және экипаж мүшелерінің қатысында Ереженің 6 тарауының жағдайына қолданылады . Ереженің басқа жағдайлары пайдаланушылардың және экипаж мүшелерінің қатысы бойынша Ереженің 6 тарауында реттелмеген бөлігінде көрсетілген.

**Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 наурыздағы N 43 бұйрығымен .**

4. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) уәкілетті орган - өз құзыретінің шегінде азаматтық авиация саласында мемлекеттік саясат жүзеге асыруды, азаматтық және эксперименталды авиация қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, оны үйлестіру мен реттеуді және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы;

2) авиациялық арнайы жұмыстар - тапсырушылардың технологиялық және өндірістік процестерін қамтамасыз ету мақсатында шаруашылықтың жеке салаларында (ауыл шаруашылығында, құрылыста, экспедицияларға қызмет көрсетуде), сондай-ақ эксперименталды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын, санитарлық және табиғатты қорғау іс-шараларын, халыққа медициналық көмек көрсетуді, табиғи зілзала, апаттар мен катастрофалар салдарын жоюды жүргізуде авиация құралдары орындайтын арнайы операциялар;

3) негізгі әуежай - экипаж мүшелерінің тұрғылықты жерімен немесе он тәулік және одан астам мерзімге іссапар кезінде олардың уақытша тұру орнының жанындағы тұрақты орналасу әуежайы немесе өзге әуежай, экипаж мүшесінің келісімі бойынша анықталған, және экипаж мүшесі тұру үшін тұрғын үймен қамтамасыз етілмейді;

4) бортсеріктер - пайдаланушы ұшақ салонында нақты міндеттерді орындау үшін жалдаған мамандар; V040003279, V080005169

5) ұшуға келу уақыты - пайдаланушы бекіткен ұшу алдындағы дайындықты  
б а с т а у у а қ ы т ы ;

6) ұшу алдындағы демалыс уақыты - экипажға (экипаж мүшесіне) жұмыс уақытының келесі кезеңіне дайындалу мақсатында берілетін, ұйықтауға арналған орындармен қамтамасыз етілген жерде өткізілген демалыс үшін берілген уақыт;

7) ұшудан кейінгі демалыс уақыты - күнделікті және күнделікті емес ұшуларды орындау үшін күшін қалпына келтіруге қажетті экипажға (экипаж мүшесіне) жұмыс уақыты аяқталған сәттен есептелетін ұйықтауға жағдайлар жасалған жердегі орындағы үздіксіз кезекті сағаттар;

8) ұшу арасындағы демалыс уақыты - күнделікті және күнделікті емес ұшуларды базада, сондай-ақ одан тыс жерлерде орындағанда ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі демалыстың орнына психофизиологиялық функциялардың қажетті деңгейін қалпына келтіру үшін экипажға (экипаж мүшесіне) демалыстың ұйықтауға жағдайлар жасалған жерде берілетін үздіксіз кезекті сағаттары;

9) демалыс күні - ұшудан кейінгі демалыс аяқталған сәтінен және ұшу алдындағы демалыстың басталуынан есептелетін жердегі демалыс уақыты;

10) эстафеталық тасымал уақыты - экипаж тасымал эстафетасын орындау үшін өндірістің шарттарымен талап етілетін орынға келген сәттен тасымал эстафетасы аяқталған сәтке дейінгі уақыт кезеңі;

11) эстафета (іссапар) уақыты - жұмыс кестесіне немесе әуе көлігін пайдаланушының өкіміне сәйкес экипаж (экипаж мүшесі) базадан тыс болатын у а қ ы т к е з е ң і ;

12) резервтегі кезекшілік уақыты - жұмыс берушінің өкімі бойынша экипаж мүшесі қызметтік міндеттерді орындамайтын, бірақ оларды орындау туралы өкімді алуға дайын тұруға тиіс уақыт кезеңі, және ол демалыс кезеңімен ү з і л м е й д і ;

13) қос ұшу экипажы - ұшу уақыты ішінде әуе кемесін басқаруды кезекпен жүзеге асыру үшін бір мезгілде тағайындалатын, екі ұшу құрамынан тұратын э к и п а ж ;

14) ұшу экипажы - пайдаланушы жұмыс уақыты ішінде ӘК басқару жөніндегі міндеттерді орындау үшін жалдайтын авиациялық мамандар тобы;

15) орта қашықтықтағы маршрут - ұшуды орындау үшін ұшу уақытының кем дегенде 12 (он екі) сағатын жұмсауды қажет ететін маршрут;

16) алыс қашықтықтағы маршрут - ұшуды орындау үшін ұшу уақытының 12 (он екі) сағатынан астамын жұмсауды қажет ететін маршрут;

17) экипаждың (экипаж мүшесінің) жұмыс уақытының нормасы - бұл тәулік немесе кез келген 24 (жиырма төрт) үзіліссіз сағаттағы, аптадағы кез келген кезекті жеті тәулікте; бір айдағы кез келген кезекті жиырма төрт (жиырма тоғыз - отыз бір) тәулікте, бір жылдағы кез келген үш жүз алпыс бес (үш жүз алпыс алты) кезекті тәулікте есептелетін, экипаждың (экипаж мүшесінің) сенімді кәсіби қызметі үшін психофизиологиялық функцияларының қажетті деңгейі сақталатын, аталған кезеңдердегі жұмыс уақытының сомасын құрайтын уақыт кезеңдері;

18) экипаждың (экипаж мүшесінің) ұшу уақытының нормасы - бұл тәулікте - кез келген 24 үзіліссіз сағатта, аптадағы - кез келген кезекті жеті тәулікте; бір айдағы кез келген кезекті жиырма сегіз (жиырма тоғыз - отыз бір) тәулікте, бір жылдағы кез келген үш жүз алпыс бес (үш жүз алпыс алты) кезекті тәулікте есептелетін, экипаждың (экипаж мүшесінің) міндеттерді сенімді орындау үшін психофизиологиялық функцияларының қажетті деңгейі сақталатын уақыт кезеңдері;

19) демалыс - қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес экипаж мүшесі оның кәсібіне байланысты кез келген міндеттерді орындаудан босатылатын уақыт кезеңі;

20) ұшу уақыты - ұшу алдында қозғалтқыштарды жүргізу сәтінен бастап ұшу аяқталғаннан кейін оларды толығымен өшіруге дейінгі уақыт кезеңі (ұшу жұмыс уақытының бөлігі болып табылады);

21) уақыт кезеңі - олардың шегінде пайдаланушы өз экипаждарының мүшелері үшін қызмет бағдарламасын құрайтын және (немесе) олар іс жүзінде жүзеге асыратын қызметті есепке алатын үзіліссіз кез келген 24 сағат, кез келген кезекті жеті тәулік, кез келген кезекті жиырма сегіз (жиырма тоғыз - отыз бір тәулік), сондай-ақ кез келген кезекті үш жүз алпыс бес (үш жүз алпыс алты) тәулік уақыттарының сомасы;

22) ұшу жұмыс уақыты (бұдан әрі - ҰЖУ) - ұшу күні ұшуға келу сәтінен бастап ұшуды немесе ұшулар сериясын аяқтау жөніндегі қызметтік міндеттерден

босау сәтіне дейінгі ұшуды немесе ұшулар сериясын қоса алғандағы үздіксіз  
ж ұ м ы с к е з е ң і ;

23) жұмыс уақыты - экипаждар мүшелері қызметтік міндеттерін орындауға тиіс уақыт. Ол ұшу жұмыс уақытынан және ұшуды орындаумен тікелей байланысты емес жердегі жұмыс уақытынан тұрады;

Осы ескертпенің шеңберінен тыс екі немесе одан астам кезең жұмыс уақытының жеке кезеңдерін білдірсе және осы кезеңдер кемінде 8 сағат аралықпен бөлінген жағдайда, осы кезеңдердің біріншісінің басталу және соңғысының аяқталу уақыты жұмыс уақытының бір үздіксіз кезең ретінде қ а р а л а д ы ;

24) күшейтілген ұшу экипажы - пайдаланушының ӘК басқару жөніндегі міндеттерді орындау үшін ұшу экипажының негізгі толық құрамына ұшудың қандай да бір учаскесінде ӘК басқару жөніндегі жұмысқа кірісуі үшін қосымша ұшу маманы біреу немесе бірнеше ұшу мамандарын тағайындауы;

25) ӘК бортындағы демалу шарттары - ауаны тазарту қамтамасыз етілетін және мөлшері экипаждың (экипаж мүшесінің) демалуы үшін орынды жабдықтауға мүмкіндік беретін, жолаушылар мен экипаждың басқа мүшелерінен жеткілікті бөлінген ӘК бортындағы орынның және/немесе үй-жайдың болуы;

26) ӘК экипажының мүшесі - ұшуға арналған тапсырмаға енгізілген, белгіленген қызметтік міндеттерді орындау үшін тағайындалған және қолданылып жүрген ұшу куәлігі бар авиациялық персонал тұлғасы;

27) пайдаланушы - ӘК пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өз қызметтерін ұсынатын заңды немесе жеке тұлға;

28) жұмыс уақыты және ұшу уақыты тәулікке, аптаға, айға және жылға белгіленген нормадан артық болса нормативтен тыс (мерзімнен тыс) деп саналады - өйткені экипаж мүшесіне түсетін психофизиологиялық жүктеме әр сағат сайын белгіленген нормалардан мәнді арта түседі.

Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 наурыздағы N 43 бұйрығымен .

## 2. Жұмыс тәртібі

5. Ұшу уақыты мен қызметтік ұшу уақыты тәртібін белгілеу шаршау ұшу экипажының денсаулығы мен ұшу қауіпсіздігіне теріс әсер ету мүмкіндігін төмендету мақсатында жүзеге асырылады.

6. Экипажға (экипаж мүшелеріне) жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы белгіленеді және бір аптада 36 сағатты құрайды.

7. Тәулікке, аптаға, айға және жылға белгіленген нормадан артық жұмыс уақыты және ұшу уақыты мерзімнен тыс деп саналады, өйткені экипаж мүшелеріне түсетін психофизиологиялық жүктеме әр сағат сайын белгіленген нормалардан арта түседі. Мерзімнен тыс уақыт Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес төленеді.

8 . < \* >

**Ескерту: 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 наурыздағы N 43 бұйрығымен .**

9. Экипаждың (экипаж мүшесінің) жердегі жұмыс уақытына мыналар енеді:  
ұшу алдындағы уақыт, 1 сағаттан артық емес;  
ұшу уақыты аяқталған сәттен есептелетін ұшудан кейінгі 30 минуттан артық емес жұмыс уақыты;  
ұзақтығы 2 сағаттан артық емес демалу және тамақтану үшін үзіліс уақытын есептемегенде, әуежайларда тұру уақыты;  
қандай да бір себептер бойынша кешіккен жағдайда ұшуды күту уақыты;  
ұшуды күту кезінде арнаулы жабдықталған орындарда өткізген резервте кезекшілікте болған уақыты;  
эстафеталық тасымал уақыты;  
эстафетаның уақыты (базаның күн тәртібіне сәйкес);  
бөлімшедегі жұмыс уақыты (ұшуға алдын ала дайындалу, ұшуларды талқылау, кәсіптік оқу), медициналық тексерулерді өту, дәрігерлік-ұшу сапаршылық комиссиясы (ДҰСК), сондай-ақ құжаттарды ресімдеу;  
ӘК-ні ұшуға арнайы дайындаумен, жүкті және құралдарды тиеуге және түсіруге дайындықпен, шекара және кеден бақылауын өтуге байланысты жұмыстарды орындау үшін пайдаланушының өкімі бойынша экипаж мүшелерін тасымалдау, өту уақытын қоса алмағанда (өту уақыты уақыт секілді анықталады, экипаж мүшесінің тұрғылықты мекен-жайынан (уақытша келуі, демалыс), келіп жету орнына (қызметтік міндеттерді орындау орны) дейін орын алмастыруға жұмсаған уақыт .

Экипаждың (экипаж мүшелерінің) тәуліктік жұмыс уақытының барынша ұзақтығы экипаж құрамына байланысты осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді .

**Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация**

**министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 наурыздағы N 43 бұйрығымен .**

10. Экипаждың (экипаж мүшесінің) ұшу уақытына мыналар енеді:  
ұшу мақсатымен қозғалтқышқа(тарға) от алдырудан бастап және тұраққа қонғаннан кейін соңғы қозғалтқышты(тарды) сөндірген сәттен есептелетін экипаждың (экипаж мүшесінің) жұмыс уақыты;  
рульдеудегі маневрлеу уақыты;  
экипаждың (экипаж мүшесінің) тікелей кабинадағы тренажерде ұшақтың тренажер кешенін пайдаланумен жұмысқа кететін уақыты.

Экипаждың (экипаж мүшесінің) әуе кемесінің әр түрінде ұшу уақытының барынша ұзақтығы айдағы және жылдағы осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

11. Экипаждың демалу уақыты:  
ұшу алдындағы, ұшу арасындағы және ұшудан кейінгі уақыттан;  
демалыс күні үшін берілген уақыттан;  
жылдық еңбек демалысынан құрылатын уақыттан;  
әуе кемесін басқарып ұшудың нақты міндеттерін орындау уақытында ӘК кабинасында жұмыс уақытында тамақтану уақытынан басқа, арнайы бөлінген орында тамақтануға арналған уақыттан, жерде тамақтану уақытынан құралады.

12. Резервтегі кезекшілік уақыты ұзақтығы 12 сағат үздіксіз бір мерзімнен артық болмау тиіс және үздіксіз жиырма сегіз (жиырма тоғыз) - отыз (отыз бір) тәулік ішінде 3 реттен артық берілмейді.

Экипажды (экипаж мүшесін) ұшу тапсырмасын орындау үшін резервтегі кезекшіліктен шақырған жағдайда резервте өткен уақыт жұмыс уақыты болып есептеледі, бірақ алдағы ұшудың жұмыс уақытымен қосылмайды, ал ол айға бөлек есептеледі және мерзімнен тыс уақытқа жатқызылмайды.

13. Ұзақтығы 4 (төрт) сағаттан аспайтын эстафеталық тасымалдан кейін белгіленген демалыс уақыты берілмеген жағдайда және ол жұмыс уақытының алдында болса эстафеталық тасымал басталған сәттен және оның аяқталуына дейінгі кезең жұмыс уақыты ретінде есептеледі. Бұл жағдайда жұмыс уақытының келесі ұзақтығы 8 (сегіз) сағаттан аспауға тиіс.

14. Егер экипаж (экипаж мүшелері) шаршаған болса немесе алдағы ұшудың жағдайын ескере отырып, осы ұшу барысында шаршайды деп есептеуге қандай да бір негіз болса, онда осы Ережеде көзделген жағдайларға қарамастан экипаж (экипаж мүшелері) ұшуды орындамайды, ал пайдаланушы оның орындалуын талап етпейді.

15. Экипаж мүшелерінің, авиамедициналық және мүдделі кәсіподақ органдарының келісімімен, сондай-ақ уәкілетті органмен келісу бойынша, әуе кемесін пайдаланушы ұшу уақытының айлық нормасын 25 пайызға дейін



көбейте алады, бірақ ол жылына үш айдан артық болмауға тиіс және жылдық ұшу уақытын ұзартпауға тиіс.

16. Ұрыс әрекеттерін жүргізу жағдайында, табиғи зілзала және апатты жағдайлар кезінде экипаждың (экипаж мүшесінің) жұмыс және ұшу уақыты нормаларын уәкілетті орган белгілейді.

17. Мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз етумен байланысты жұмыстарды өндіру кезінде, сондай-ақ апат немесе табиғи зілзала салдарын жою кезінде мерзімнен тыс жұмыстар рұқсат етіледі, ол туралы уәкілетті тұлғаның қолы қойылған ұшуға тапсырмаға тиісті жазба орындалуы (немесе радиограмма тіркелуі) қажет.

18. Кешіктірілген рейсті аяқтау үшін, экипаж мүшелерінің келісімімен ӘК командирі тәулік уақытына қарамастан жұмыс немесе ұшу уақытының барынша мүмкін нормаларын екі сағатқа көбейте алады. Ол туралы ӘК командирі ұшуға тапсырмаға тиісті жазба жасайды.

### **3. Экипаж (экипаж мүшесі) авиациялық арнайы жұмыстарды, тұрақты және тұрақсыз әуе тасымалдарын орындау кезіндегі барынша жұмыс және ұшу уақытының ұзақтығы**

19. Экипаж (экипаж мүшелері) авиациялық арнайы жұмыстар мен тұрақты және тұрақсыз әуе тасымалдарын жүргізу кезіндегі барынша жұмыс уақытының тәртібі мынадай уақыт кезеңінде белгіленеді:

- 1) тәулік - үздіксіз 24 (жиырма төрт) сағат ағынында;
- 2) апта - үздіксіз 7 тәулік ағынында;
- 3) ай - 28 (29 - 31) кезекті күн ағынында;
- 4) жыл - 365 (366) кезекті күн ағынында.

20. Экипаждың (экипаж мүшелерінің) шаршауын болдырмау мақсатында мынадай факторлар есепке алынады:

- 1) әуе кемесінің түрі, оның жабдығы;
- 2) экипаж мүшелерінің саны;
- 3) ұшу уақытының бір кезеңі ішіндегі ұшу және қону саны;
- 4) әуе қозғалысының жоғарғы тығыздығы уақытындағы жұмыс жүктемесі;
- 5) экипажға (экипаж мүшесіне) демалыс берілуге тиіс жердегі демалыс жағдайы ;
- 6) міндеттерді орындаудың тәулік уақыты;
- 7) ұшу жұмыстары кезінде кідірулер;
- 8) авиациялық арнайы жұмыстардың түрлері;
- 9) сағат белдерінің ауысуы;

10) жазғы (қысқы) мезгілде сағат тілін ауыстырғанда жұмыс уақытының өзгеруі.

21. Ай ішінде осындай демалыс күндері төрт рет берілу шартымен, жұмыс істеген аптаның жетінші күні экипажға (экипаж мүшесіне) ұзақтығы 42 (қырық екі) сағат үздіксіз демалыс күндері беріледі.

22. Ұшу экипаждарын (экипаж мүшелерін) олардың кәсіптік қызметіне тікелей байланысы жоқ жұмыстарға қатыстыруға тыйым салынады.

23. Егер үздіксіз 24 сағат ішінде жұмыс уақыты астрономиялық түн кезінде (жергілікті уақыт бойынша) басталса, созылса немесе аяқталса, онда ол аталған мерзімге кіретін әр сағат немесе оның бөлігі үшін 15 (он бес) минутқа азаяды.

24. Ұшу сериясы 24 сағаттық кезең ішінде бесеуден артық ұшақты отырғызуды қамтыған жағдайда, ұшу уақыты, сондай-ақ жұмыс уақыты да әр конуға 15 минутқа қысқартылады.

25. Экипаж мүшесінің қызметі ол түрлі әуе кемелерінде және әр түрлі экипаждар құрамында кезекпен ұшуларды жүзеге асыратын болып жоспарланса, барлық жағдайлардағы жұмыс және ұшу уақытын қосу жолымен ұшу және жұмыс уақыты есептеледі.

26. Әуе кемелерін пайдаланушылар атқарылатын қызметтің түріне сәйкес бортсеріктерінің санын және функцияларын белгілейді.

27. Бортсеріктер мен борт операторлары үшін ұшу және жұмыс уақытының нормасы ұшу құрамына ұқсас белгіленеді, және оларға осы Ережеде жазылған еңбек пен демалысқа қойылатын барлық талаптар қолданылады. Әйелдер (бортсеріктер) үшін ұшу уақытының нормалары айына 60 (алпыс) сағатты және жылына 600 (алты жүз) сағатты құрайтын айлық және жылдық санитарлық нормаларға жіктеліп белгіленеді.

28. Әйелдер - экипаж мүшелері және жолсеріктері дәрігерлік тұжырымға сәйкес бұрынғы жұмысының орта еңбек ақысы сақтала отырып, ауыр және қолайсыз өндірістік факторлардың әсері болмайтын басқа жеңіл жұмысқа ауыстырылады.

29. Жиі меридианаралық ұшуларды орындау жағдайда және экипаждың (экипаж мүшесінің) сағат белдігінің қозғаған жағдайда, экипаж (экипаж мүшесі) баратын орынның сағат белдігі бойынша күн тәртібін сақтауға міндетті.

30. Ұзақ қашықтық маршрут бойынша ұшуды орындауды жүзеге асыру тек қос ұшу экипажына ғана рұқсат етіледі. Бұл жағдайда, егер екінші экипаж ұшу маршруты бойынша қандай да бір пунктте жұмысқа кіріссе, кез келген 24 сағаттық мерзім уақытының ішінде қос экипаж 14 (он төрт) сағаттан артық емес жұмыс уақытын ала алады. Екінші экипаждың ұшу және жұмыс уақыты бірінші экипаждікі сияқты есептеледі. Экипаждарды жұмысқа жіберу ұшу маршруты бойынша ұшу экипаждары мүшелерінің ауысатын пункттері (кезендері)

белгіленетін, сондай-ақ ұшуды және (немесе) оның кезеңдерін орындауға жауапкершілік экипаждар арасында бөлінетін авиакомпания бойынша бұйрықпен ресімделеді.

31. Орта қашықтық маршрут бойынша ұшуды орындауды күшейтілген ұшу экипажы жүзеге асырады. Бұл ретте, егер ұшу экипажының қосымша мүшелерінің бірі ұшу маршруты бойынша қандай да бір пунктте жұмысқа кіріссе, кез келген 24 сағаттық мерзім уақытында күшейтілген ұшу экипажы 12 сағаттан артық емес жұмыс уақытын ала алады. Экипаждың қосымша мүшелерінің ұшу және жұмыс уақыты негізгі экипаждікі сияқты есептеледі.

32. Экипаждың құрамында бір пилот болғанда 24 сағаттық мерзім ішінде бір және басқа ұшулар арасында 4 сағаттан кем емес үздіксіз демалуды пайдаланса, ол 10 (он) сағатқа дейін жұмыс уақытының барынша ұзақтығын ала алады.

Екі және одан да көп экипаж мүшелері бар ұшақтар үшін ұшу жұмыс уақытының рұқсат етілген шекті ұзақтығы (сағаттар мен минуттарда) осы Ережеге 4 қосымшада белгіленген нормалардан аспауы тиіс.

#### **4. Демалыс уақыты**

33. Жеті кезекті тәуліктің кез келген мерзімінде экипаж мүшесінің ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі демалыстан басқа базада немесе одан тыс жерде оған берілетін демалыс күні болу керек.

34. Әрбір күнтізбелік ай ішінде экипаж мүшесінің 7 (жеті) тәулік демалысы болуы тиіс, оның 5 (бесеуін) ол базада алады.

35. Әрбір күнтізбелік жылдың ішінде пайдаланушы экипаж мүшесіне 36 (отыз алты) күнтізбелік күн (еңбек демалысы) есебінен ақылы демалыс береді.

36. Базадағы ұшу алдындағы демалыстың ең төменгі ұзақтығы 12 сағаттан кем болмауға тиіс.

37. Базадағы ұшудан кейінгі демалыстың ең төменгі ұзақтығы алдыңғы жұмыс уақытының екі ұзақтығына тең болуы қажет, бірақ 12 сағаттан кем болмауға тиіс.

38. Экипаж мүшелерінің әуежай базасынан тыс болған кездегі ұшу арасындағы демалу ұзақтығы 10 сағаттан кем болмауы тиіс.

39. Базалық әуежайдың белдік уақытынан батысқа 5 (бес) сағат шығысқа 3 (үш) сағат белдік уақыты айырмашылығы болғанда маршруттың соңғы әуежайларында экипаж мүшелеріне ұшу арасында 14 сағаттан кем емес демалыс берілуге тиіс.

40. Ұзақ қашықтық ұзақтық маршруттары бойынша ұшуларды орындаған кезде ұшу алдындағы және ұшудан кейінгі демалыс уақытының ең төменгі

ұзақтығы базалық әуежайда тиісінше 24 (жиырма төрт) және 48 (қырық сегіз) кем емес үздіксіз демалыс сағаттарынан құралуға тиіс.

41. Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы кезінде күнделікті ұшуларды орындағанда ұшудан кейінгі демалыс ұшу алдындағы болып есептеледі, бірақ 12 сағаттан кем болмауы тиіс.

42. Экипаж мүшесінің демалыс уақыты экипаждың тікелей алдыңғы қызметіне жұмсалған жұмыс уақытының аяқталу сәтінен бастап есептеледі, және қонақ үйінде, профилакторийде номер алған немесе үйіне келген сәттен бастап есептеледі.

43. Пайдаланушы оларда қалыпты кестеге сәйкес күту кезеңдері салыстырмалы ұзақ болып қарастырылса, экипаж (экипаж мүшесі) үшін мақсат пункттерінің және аралық аялдау пункттерінің әуеайлақтарында және әуежайларында арнайы демалыс бөлмелерін қамтамасыз етеді.

44. Күшейтілген ұшу экипаждарымен жүргізілетін ӘК-лер экипаж мүшелерінің ӘК бортында демалуына жағдайлармен қамтамасыз етілуі тиіс.

45. Қос экипажбен жүргізілетін ӘК ұйықтауға арналған орындармен жабдықталуы тиіс.

## **5. Ауыл, орман шаруашылықтарында және геологияда авиациялық арнайы жұмыстарды орындау кезіндегі әуе кемелері экипаждарының (экипаж мүшелерінің) жұмыс уақыты мен демалыс тәртібі**

46. ӘК-нің тұрақты орналасуынан тыс орындарда авиациялық арнайы жұмыстарды орындаумен айналысатын ұшу және техникалық құрамы үшін жұмыс уақытының ұзақтығы тәулігіне 10 сағатқа дейін белгіленеді. Авиациялық және арнайы жұмыстарды орындау кезінде жұмыс және ұшу уақытының барынша рұқсат етілген нормалары осы Ережеге 5-қосымшада белгіленген.

47. Уәкілетті органның шешімі бойынша әуе кемесін пайдаланушымен, кәсіподақпен және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен келісілгеннен кейін жұмыс уақытының ұзақтығы тәулігіне 12 сағатқа дейін белгіленеді, бұл ретте түскі асқа үзіліс уақытымен бірге есептегенде демалыс алдындағы жұмыс күнінің екі есе ұзақтығынан кем емес жұмыс уақытына тең жұмыс күндері арасындағы демалыс ұзақтығы сақталуға тиіс.

48. Ұшу алдындағы және ұшқаннан кейінгі демалыстың ең төменгі ұзақтығы демалыстың әрбір кезеңі бойынша 12 сағаттан кем емес уақытты құрауы тиіс. Күнделікті ұшуларды орындау кезінде ұшудан кейінгі демалыс ұшу алдындағы демалыс болып есептеледі және 12 сағаттан кем болмауы тиіс.

49. Жоғары қауіпті химиялық заттармен жұмыс істеу кезінде осы Ережеге 3 қосымшада көрсетілген ұшу уақыты 20 пайызға азаяды.

50. Шамалы қауіпі химиялық заттармен жұмыс істеу кезінде осы Ережеге 3 қосымшада көрсетілген ұшу уақыты 10 пайызға азаяды.

51. Авиациялық арнайы жұмыстардың барлық түрлерін орындау кезінде төменде аталғандарды есептегенде, тәулікте, айда және жылда ұшу уақытының нормасын арттыруға тыйым салынады:

1) экипаж мүшелерінің келісімімен ӘК командиріне егінді жоғалту қауіпі болғанда, жұмыс күні ішінде жұмысты аяқтау үшін төтенше және жоғары қауіпті пестицидтермен жұмыс істегенде ұшу уақытының ұзақтығын 30 минутқа, ал басқа препараттармен жұмыс істегенде - 60 минутқа ұзартуға құқық беріледі. Бұл ретте жүктемені арттыру осы Ереженің 47-тармағының талаптарына сәйкес демалыспен өтеледі;

2) жоғары кең экспедицияларына қызмет көрсету, су кемелерін өткізу, мұздарды зерттеу және алаңдарды аэрофототүсіру бойынша ұшуларды орындаған кезде ұшу уақыты тәулігіне осы Ережеге 3-қосымшада белгіленген нормалардан тыс кезде көбейтілуі мүмкін және осы Ереженің 47-тармағының талаптарына сәйкес демалыспен өтеледі;

3) 10 сағатқа дейінгі төртінші санаттағы ұшақтардың және барлық үлгідегі тікұшақтардың экипаждары үшін жұмыс уақытын 12 сағатқа дейін ұзарту;

4) 11 сағатқа дейінгі бірінші - үшіншіні санаттардағы ұшақтардың экипаждары үшін жұмыс уақытын 13,5 (он үш жарым) сағатқа дейін ұзарту.

Тәулігіне белгіленген нормадан тыс ұшу уақытын көбейту жылына үш айдан артық емес мерзімге рұқсат етіледі. Аталған жұмыс түрлері үшін айында және жылында ұшу уақытының нормаларын көбейтуге тыйым салынады.

52. ӘК экипаждарының жұмыс ұзақтығы еңбекті вахталық әдіспен ұйымдастыру кезінде барлық экипаж мүшелерінің пікірі және денсаулық жағдайы есепке алынғанда және жұмыс уақыты мен демалыс уақытының нормалары сақталған кезде жиырма сегіз - отыз бір кезекті күндер ішінде он бес күннен аспау қажет.

53. Ағаштарды сыртқа іліп тасығанда және тоқ жүргізетін сымдарды тасу кезінде ұшу уақытының нормасы тәулігіне 5 сағаттан аспау тиіс. Рейстердің санына қарамастан, бір ұшудың ұзақтығы 60 минуттан аспау тиіс. Ұшулар арасында демалыс үшін 10 минутқа дейін үзіліс белгіленуге тиіс.

54. Тікұшақтарда теңіз айдындарының әуегравиметрикалық съемкаларын жасағанда, гравиметрикалық белгіде тоқтап съемка учаскесінде съемка жасағанда ұшу ұзақтығы 90 минуттан артық болмау тиіс. Гравиметрикалық белгілерде тоқтау он бірден артық болмауы тиіс, оның ішінде алты тоқтау жасағаннан кейін экипаж съемканы тоқтатуға тиіс және 10 минут 100 метрден

кем емес қашықтықта көлденең ұшуды орындауы қажет, кейін съемаканы жалғастырады.

55. Ұшақтарда және тікұшақтарда авиациялық-химиялық жұмыстарда ұшу серияларын орындау кезінде он-он екі қонулардан (немесе әрбір бір жарым сағат жұмысынан) кейін экипажға демалу үшін 15 минутқа дейін үзіліс белгіленеді, олар жұмыс уақыты деп есептелмейді, ал 3 сағат ұшу уақытынан немесе жиырма бес-отыз қонулардан кейін - демалуға үзілістің ұзақтығы 1 сағаттан кем болмауы тиіс, ол тамақтануға үзіліспен бірігуі және жұмыс уақыты болып есептелмейді.

56. Аса шағын көлемді шашуды және гектарына 10 кг (л) дейін препаратты шығындау нормасымен басқа да жұмыстарды орындау кезінде ұшу ұзақтығы 90 минуттан аспау керек.

57. Ұшу құрамы бір санаттағы қауіпті препараттармен жұмыс істеу кезінде толық қамтылмаса, егер басқа санаттағы қауіпті препараттармен жұмыс істегенде ұшу уақытының нормасы жалпы ұшу уақытынан аспаса, оларға басқа санаттағы қауіпті препараттармен жұмыс істеуге рұқсат беріледі.

58. Аралас препараттармен жұмыс істеу кезінде ұшу уақытының нормасы тәулігіне ең жоғары санаттағы қауіпті препарат бойынша белгіленеді.

59. Ұшақтарда және тікұшақтарда бір ұшқанда бұрылу саны жиырмадан аспауы тиіс, бұл ретте ұшулар арасындағы демалыс уақыты 15 минуттан кем болмауы тиіс.

60. Авиациялық жұмыстарда ұшу және техникалық құрам үшін бөлшектелген жұмыс уақыты белгіленуі мүмкін - таңертеңгі жұмыс және кешкі жұмыс кезінде олардың арасында 2 сағаттан кем емес үзіліс белгіленеді. Таңертеңгі және кешкі жұмыс арасындағы үзіліс жұмыс уақытына енбейді. Бұл жағдайда жұмыс уақытының жалпы ұзақтығы 10 сағаттан аспауы тиіс.

61. Техникалық құрамының жұмыс уақытына:

- 1) техникалық қызмет көрсету уақыты;
- 2) әуеайлақта ӘК күткен уақыты;
- 3) жылдың суық кезеңінде қыздыру үшін реттелген үзілістер уақыты;
- 4) басқа орналасу орнына ұшу уақыты;
- 5) техникалық оқу, талқылау, медициналық тексеруден өту уақыты енеді.

62. Жедел нүктесінде ұшу және техникалық құрамның ауысуы бір жарым айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады, бұл ретте экипажға әрбір жұмыс істеген екі аптасына 1 тәулік есебінен ақы төленетін қосымша демалыс беріледі.

63. Кондиционерлеу және ауаны тазарту жүйесімен жабдықталмаған ӘК-лерде төтенше және жоғары қауіпті пестицидтермен (1-2 санаттар қауіптілігі) ұшуды орындауға тыйым салынады.

**6. Еуропа немесе Америка Құрама Штаттары елдерінің авиациялық өкіметімен сертификатталған түрлері азаматтық авиациясының әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалу уақыты**

Ескерту: 6-тараумен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 наурыздағы N 43 бұйрығымен .

64. Еуропа немесе Америка Құрама Штаттары елдерінің авиациялық өкіметімен сертификатталған түрлері азаматтық авиациясының әуе кемелерін пайдаланушы Ережеге және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалу уақытын ұйымдастыру жөніндегі жеке е р е ж е с і б е к і т е д і .

65. Пайдаланушы көрсетілген әуе кемесінде:

1) ұшу алдындағы дайындықты жүзеге асыру үшін қажетті уақыт есебімен ұшуды жоспарлау, жерде әуе кемелерінің ұшырылу арасында тұрған уақыты мен ұ ш ы р у ы н о р ы н д а у ;

2) экипаж мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалуын ұйымдастыру саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Ережеге сәйкес ұшырылымдарды жоспарлау және жүзеге асыру;

3) базалық әуежайдағы әр экипаж мүшесі үшін экипаж мүшесінің келісімі б о й ы н ш а а н ы қ т а у д ы ;

4) ұшырылу жиілігін анықтау кезінде және экипаж мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалу уақыты жұмыс уақытының ұзақтығына арналған барынша қажетті демалу әсер ету есебін;

5) экипаж мүшелерінің ұшудағы жұмыс уақытын жоспарлауды, экипаж мүшелерінің өте қалжырауын тудырмау, ол ұшу қауіпсіздігі қауіп-қатерінің а л д ы н а л у д ы ;

6) экипаж мүшелері үшін ұшу кестесін жариялау және күні бұрын х а б а р л а у д ы д а я р л а у ;

7) экипаж мүшелері үшін демалыс күндерін жоспарлау, ол оларды күні бұрын х а б а р л а у д ы ;

8) Ережеге сәйкес экипаж мүшелеріне демалыс ұсынуды қамтамасыз етеді.

6 6 . Э к и п а ж м ү ш е с і :

1) экипаж мүшесі өзін қажыдым деп санаса немесе солай ойласа, ол ұшу

алдындағы барысында қажығандықты сезсе бұндай қажығандық кезінде қауіп төндіру әуе кемесінде ұшуды орындамау мүмкіндігін;

2) оған берілген шарттарды оңтайлы орындау және өзінің қызметтік міндеттерін ең жақсы орындау үшін демалу уақытын қамтамасыз етеді.

67. Әр экипаж мүшесі үшін жұмыс экипажының мүшесі ретінде ұшу уақыты артық болуы мүмкін емес.

1) күнтізбелік жыл ішінде ұшу уақыты сегіз жүз сағат;

2) жиырма сегіз ретті күндердің ішінде ұшу уақыты жүз сағат.

Ұшуды орындау мақсатында бастапқы қозғалысының уақыты кезеңіндегі ұшу уақыттары болып әуе кемесінің қозғалған кезінен бастап әуе кемесінің тоқтаған кезеңіне дейін және қозғалтқыштарының толық тоқтағанына дейін.

67. ҰЖУ барынша тәуліктік ұзақтығы отыз сағатты құрайды.

68. ҰЖУ барынша тәуліктік ұзақтығы әр ұшып-қонғанға отыз минутқа азаяды, бірақ үшіншіден бастап, егер ол экипаж мүшесі мен жұмыс берушінің арасындағы жеке еңбек шартында көзделмеген болса екі сағаттан артық емес.

69. ҰЖУ басталған жағдайда, Биологиялық цикардолық ырғағы дене мүшесінің психофизиологиялық қызметінің (бұдан әрі - ДПФҚБЦЫ) төменгі деңгейі кезеңінде, Ереженің 68, 69 тармақтарында көрсетілген ҰЖУ-дың барынша ұзақтығы экипаж мүшелерінің ДПФҚБЦЫ-ға келген уақытына дейінгі санына азайтылады, бірақ егер ол экипаж мүшесі мен жұмыс берушінің арасындағы жеке еңбек шартында көзделмеген болса екі сағаттан артық емес.

70. ДПФҚБЦЫ екі сағат және бес сағат елу тоғыз минут арасындағы уақытты түсінеміз. ДПФҚБЦЫ үш сағаттық белдеу шегінде жергілікті уақыт бойынша базалық әуежаймен анықталады. Үш сағаттан артық белдеуді бөлген жағдайда ДПФҚБЦЫ базалық әуежайдың жергілікті уақыты бойынша базалық әуежайдың сағаттық белдеуінен алғашқы сегіз сағат ішіндегі мерзімінде ДПФҚБЦЫ жергілікті уақыт бойынша анықталады.

71. ҰЖУ ДПФҚБЦЫ-да аяқталатын жағдайда ҰЖУ-дың барынша ұзақтығы Ереженің 68, 69-тармақтарында көрсетілген ҰЖУ-дың барынша ұзақтығы экипаж мүшелерінің келген уақытының жартысына ДПФҚБЦЫ азайтылады.

72. ҰЖУ-дың барынша тәуліктік ұзақтығы пайдаланудың келесі жағдайларында ұзартылуы мүмкін:



- 1) Күтпеген жағдайлардың туындауы кезінде ұшу қауіпсіздігіне қауіп туындауы мүмкін ;
- 2) Ережеде көрсетілген өзге жағдайларда.

73. Пайдаланушы күнтізбелік күннің онынан кешіктірмей ҰЖУ-дың тәуліктік барынша ұзақтығын пайдалану шешімі бойынша жүргізілгені туралы осындай шешімнің қабылданған себептерін көрсете отырып, уәкілетті органға хабарлайды .

74. Пайдаланушымен ҰЖУ-ды ұзарту алты немесе одан да көп ұшыру-қондыру ұшырылымдары жағдайында жіберілмейді.

75. Егер экипаж мүшелерінің ДПФҚБЦЫ келген уақыты екі сағатқа дейін болса, ҰЖУ ұзарту төрт ұшыру-қондыру ұшырылымдарынан аспайтын жағдайында жіберіледі .

Егер экипаж мүшелерінің ДПФҚБЦЫ келген уақыты жағдайында екі ұшыру-қондыру ұшырылымдарынан аспайтын, ұшыру серияларына қатысты ҰЖУ ұзарту жіберіледі .

76. Пайдаланушының шешімі бойынша ҰЖУ аптасына екі рет жіберіледі.

77. Пайдаланушының шешімі бойынша ҰЖУ ұзарту ұшу алдындағы немесе ұшудан кейінгі демалысы екі сағатқа немесе төрт сағатқа ұзартылады, ал бортсеріктерге қатысты ұшу уақыты кезіндегі тиісті бейінде арттырылуы мүмкін.

ҰЖУ екі іргелес кезеңдерін ұзарту кезінде, экипаж мүшелерінің ұшу алдындағы немесе ұшудан кейінгі демалысының барынша уақыты ҰЖУ екі кезеңі арасында ұсынылатын болады .

78. Ұшу немесе ұшу серияларын орындауға жоспарланған бортсеріктер үшін, арасындағы уақытының айырмашылығына ұзартылатын болады.

79. Егер ҰЖУ жиырма сағат арасында төрт сағат елу тоғыз минутқа дейін қысқарса, онда ҰЖУ он бір сағат қырық бес минутқа дейін қысқарады.

80. Ұшырылымдардың кестесі мынадай жағдайда құрылуы керек, ол жоспарланатын ұшу уақыты ҰЖУ барынша тиісті болуы керек. Пайдаланушы

міндетті түрде жоспарланған кестені өзгерту бойынша немесе экипаждарды өзгертуді жоспарлау мақсатында шаралар қолданады.

81. Базалық әуежайда ұшу алдындағы демалыс уақыты алдыңғы жұмыс уақытының ұзақтығы бойынша немесе аса ұзақ болып көрінетін он екі сағатқа тең келуі мүмкін.

82. Базалық әуежайдан басқа ұшу алдындағы демалыс алдыңғы жұмыс уақытының ұзақтығы бойынша немесе аса ұзақ болып көрінетін он сағатқа тең келуі мүмкін.

83. Базалық әуежайдан басқа ұшу алдындағы демалыс уақыты кезінде пайдаланушы экипаж мүшелеріне демалыс уақытының есебінсіз сегіз сағаттық ұйқысымен демалу орнына жеткізіп салуға және өзге де физиологиялық қажеттіліктерді қамтамасыз етеді.

84. Пайдаланушы экипаж мүшелеріне сағат белдеулерінің әсерін өтеу мақсатында экипаж мүшелеріне қосымша демалу уақытын қамтамасыз етеді.

85. Экипаж мүшелеріне аптасына бір күн демалыс беріледі, жергілікті уақыт бойынша екі түн және отыз алты сағаттан аспайтын, іргелес демалыс уақыты кіреді. Демалыс күн бірінші демалыстың аяқталуымен және келесі демалыстың жүз алпыс сегіз сағатынан аспайтын уақыт кезеңде ұсынылады.

Ұшу алды немесе ұшудан кейінгі демалыс кезеңінде демалыс күнінің бөлігі болуы мүмкін.

86. Бекітілген Ереженің нормаларына сәйкес ұшырымды орындау уақытында, ҰЖУ және күтілмеген жағдайлар туғанда, ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін барлық экипаж мүшелерінің келісімімен әуе кемесі командирінің шешімімен (бұдан әрі - ӘКК шешімі) өзгертілуі мүмкін.

87. ӘК командирінің шешімімен Ережедегі 68-тармақпен көрсетілген, ҰЖУ барынша ұзақтылығы:

1) Күшейтілген ұшу экипажын пайдалану жағдайында екі сағаттан аспайтын, бірақ үш сағатқа артық арттырылуы мүмкін.

2) тағайындау әуежайында немесе запастағы аэродромда, егер күтпеген жағдайлар ұшу кезінде туындаса, ең соңғы ұшу телімінде ҰЖУ шеңберінде ұшырылым аяқталғанға дейінгі кезеңде арттырылуы мүмкін.

88. ӘК командирінің шешімімен экипаж мүшелерінің демалыс кезеңі келесі ҰЖУ кезеңінде Ереженің 82-тармағында көзделгенмен, деңгейіне дейін қысқартылуы мүмкін.

89. Егер экипаж мүшелері қажығандығын сезінсе, ұшу қауіпсіздігінің қаупіне әкеліп соғуы мүмкін, барлық экипаж мүшелерінің келісімімен әуе кемесі командирінің шешімімен ҰЖУ қысқартылуы және (немесе) экипаж мүшелерінің демалу уақыты қысқартылуы мүмкін.

90. Әуе кемесінің командирі пайдаланушыға ҰЖУ арттыру фактісі туралы немесе экипаж мүшелерінің демалу уақытының қысқартылуы туралы есепті ұсынады.

91. Егер ҰЖУ арттырылса немесе экипаж мүшелерінің демалу уақыты бір сағатқа қысқарса, пайдаланушы әуе кемесі командирі есебінің көшірмелерімен және қабылданған шешімнің себептерін көрсете отырып, көрсетілген оқиғалардың түскен күнінен бастап күнтізбелік күнінің он күнінен кешіктірмей уәкілетті органға хабарлау керек.

92. Кезекшілік уақыты резервте экипаж мүшелерінің келу сәтінен, резерв секілді анықталған, кезеңнің соңына дейін саналады.

93. Пайдаланушы экипаж мүшелерін кезекшілік резервінің басталу және аяқталу уақытын алдын ала хабарлауды, экипаж мүшесінің өзге орында болатын барынша уақытын, сонымен қатар алдағы уақыттағы резервтегі қызметтік міндеттерді тағайындаумен байланысты қамтамасыз етеді.

94. Пайдаланушы экипаж мүшелерін резервтегі кезекшілікте, демалу және ұшуды күту үшін арнайы жабдықталған жеке бөлмелермен қамтамасыз етеді.

95. Ұшуды орындау уақытында жұмыс қабілеттілігінің төмендеуінен сақтану үшін ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін экипаж мүшелеріне тамақтану және дәмді ішімдік мүмкіндігі ұсынылуы тиіс.

96. Пайдаланушы экипаждың әр мүшесі бойынша, өзіне қатысты есеп жүргізуді қамтамасыз етеді:

1) ұшырылым уақыты;

2) жұмыс уақытының және ұшу уақытының басталуы, ұзақтығы және аяқталуы;

3) ұшу күнінен бос уақытындағы демалыс уақыты және күндері (ұшу тапсырмасынан бос күндізгі күн қызметтік міндеттерді орындаудан бос күні және алдыңғы мен келесі түндерді енгізетін бос күні болып саналады);

4) резервтегі кезекшілік уақыты.

97. Пайдаланушы және экипаж мүшелері олардың сауалдары бойынша бір-біріне жүргізілген есеп жазбаларының көшірмелерін ұсынады.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 2 қарашадағы N 207 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалуын ұйымдастыру туралы

ережеге 1-қосымша

**Экипаж құрамына байланысты экипаждың (экипаж мүшесінің) тәуліктік жұмыс уақытының (ЖУ) барынша ұзақтығы**

Жұмыс уақытының қалыпты	Жұмыс уақытының барынша ұзақтығы		
Бір экипаж	Бір экипаж	Күшейтілген экипаж	Қос экипаж
6 сағат	10 сағат	12 сағат	14 сағат

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 2 қарашадағы N 207 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалуын ұйымдастыру туралы

ережесге 2-қосымша

Ескерту: 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2007 жылғы 3 наурыздағы N 43 бұйрығымен .

**Әуе кемесінің әр түрінде айына және жылына экипаж (экипаж мүшесінің) ұшу уақытының барынша ұзақтығы**

Әуе кемелерінің түрі	Ұшу сағатының у а қ ы т ы	
	3 0 к ү н	ж ы л
ИЛ-86, ИЛ-96, ТУ-204	80	800
АН - 1 2 4	8 0	8 0 0
И Л - 6 2	7 5	7 5 0
ИЛ-76, ТУ-154	75	750
ТУ-134, АН-72, АН-74	75	750
ЯК-40, ЯК-42	75	750
АН-24, А н - 3 0 ИЛ-86 варианты	к ө л і к т е , 70	700
Л-410УВП, УВПЗ	70	700
АН-28, АН-12	70	700
А Н - 3 2	7 0	7 0 0
А н - 2 6	7 0	7 0 0
ЯК-18, ЯК-18Т	70	700
АН-2, ИЛ-114, АН-8	70	700

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 2 қарашадағы N 207 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалуын ұйымдастыру туралы

ережеге 3-қосымша

**Екі адамнан тұратын ұшу экипажы үшін барынша үзіліссіз ұшу уақыты**

Ұшуға келу уақыты	Барынша үздіксіз ұшу уақыты
07:00 - 13:59	10
14:00 - 17:59	9
18:00 - 06:59	8

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2004 жылғы 2 қарашадағы N 207 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуе кемелері экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты мен демалуын ұйымдастыру туралы

ережеге 4-қосымша

**Екі және одан астам экипаж мүшесі бар ұшақтар үшін ұшу жұмыс уақытының (сағат пен минуттарда) шектеулі рұқсат берілген ұзақтықтар**

Келу уақыты	Қону саны			
	1 - 2	2	4	5
06:00 - 12:59	12:00	12:00	10:00	09:00

13:00 - 16:59	11:00	11:00	10:00	08:00
17:00 - 21:59	11:30	10:00	10:00	08:00
22:00 - 05:59	10:00	09:30	09:30	07:30

Қазақстан Республикасы Көлік  
және коммуникациялар министрлігінің  
Азаматтық авиация комитеті  
төрағасының 2004 жылғы 2 қарашадағы  
N 207 бұйрығымен бекітілген  
Қазақстан Республикасы азаматтық  
авиациясының әуе кемелері  
экипаждары мүшелерінің жұмыс уақыты  
мен демалуын ұйымдастыру туралы  
ережеге 5-қосымша

**Арнайы авиациялық жұмыстарды (сағат) орындау  
кезінде жұмыс және ұшу уақытының барынша  
рұқсат етілген нормасы**

ӘК түрі	Жұмыс уақыты			ұшу уақыты		
	тәулік	ай	жыл	тәулік	ай	жыл
<b>Ұ ш а қ т ы</b>						
<b>п а й д а л а н у м е н</b>						
1 пилот	10	150	860	6	55	550
<b>Ұ ш а қ т ы</b>						
<b>п а й д а л а н у м е н</b>						
2 пилот	10	150	860	8	65	650
<b>т і к ұ ш а қ т ы</b>						
<b>п а й д а л а н у м е н</b>						
1 пилот	10	150	860	6	55	550
<b>т і к ұ ш а қ т ы</b>						
<b>п а й д а л а н у м е н</b>						
1 пилот	10	150	860	7	65	650
<b>б о р т</b>						
<b>о п е р а т о р л а р ы</b>						

Ү ш і н

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ